ӘОЖ 911.3:33 (574)
ҒТАХР 65.24.07; 25.14.99
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.99(3).119

**Стамшалов Е.И.**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Казахстан**

E-mail: kun2013@mail.ru

# ЕВРОПАДАҒЫ ТҮРКІСТАНДЫҚ ЭМИГРАЦИЯ ӨКІЛДЕРІ ЖӘНЕ ХХ Ғ. 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ

**Аңдатпа.** Ресейдегі билік большевиктердің қолына көшкеннен кейінгі Европаға кеткен түрік саяси эмиграциясының алғашқы толқыны сапында идеялық тұғырнамаларына орай кеңестік билікті қабыл етпеген саяси қайраткерлер, интеллигенция өкілдері болды. М. Шоқай сияқты қайраткер тұлғалар өз тарихи отанында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерді жіті қадағалап отырды. Шаруашылықты кеңестік үлгіде қайта жаңғыртудың солақай тәсілдері салдарынан орын алған аштық, босқыншылық көріністері Европадағы саяси эмиграция өкілдерін әрекетке бастады. Қазақстанның оңтүстік және батыс өңірлерінен іргелес Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түркіменстан, Тәжікстан арқылы алыс шетелдер Иран мен Ауғанстанға ағылған босқындар көші пайда болды. Аштық пен жазалау шараларынан жан сақтауды мұрат еткен қазақ босқындарының шекаралық әскери күштер тарапынан қуғын-сүргінге ұшырады. Архив құжаттары мен естелік деректері босқыншылықтың ауыр зардабынан құтылу мақсатында қоныс аударушылар түрліше айла-тәсілдермен бой тасалап, кеңестік өкімет құрығынан құтылып кетуге жанталаса ұмтылысын сипаттайды.

**Кілт сөздер:** Түркістандық босқындар; дайындау науқандары; қазақ босқындары; халық көтерілістері; түйешілер керуені; уәкілетті өкілдер; реэмигранттар; саяси эмиграция өкілдері; қоныс аударушылар; көмек қоры.

*Кіріспе*

ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы ауыл шаруашылығын кеңестік үлгіде қайт құру саясаты бұрынғы Ресей империясына қарасты отар аймақтарды дәстүрлі шаруашылық жүргізу формасынан ажыратып, әлеуметтік дағдарысқа алып келді. 1928 жылдан басталған ірі байларды тәркілеу, орта шаруаға шабуыл халықтың қалыпты материалдық ахуалына теріс әсер етті. Тәркілеу, күштеп ұжымдастырумен қатарласа жүргізілген әртүрлі ауыл шаруашылық өнімдерін күштеп жинау науқандары туғызған халықтың ішкі миграциясы мен эмиграциясы тақырыбы бұрынғы Түркістан жаңа тарихи кезеңде Орта Азия аталған аумақтағы әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайын жете түсіну үшін маңызды тақырып болып табылады. Түркістандық босқындардың тағдыры тақырыбы бұл әлеуметтік катаклизмнің алғашқы зерттеушілер болған түрік халықтарының саяси эмиграциясының алғашқы буынының қызметінде де қамтылды. Кеңестік

тоталитарлық билік жасырып-жабуға тырысқан аштық, босқыншылық сияқты ауыр әлеуметтік апаттың мән-жайы Европадағы түркістандық эмиграция өкілдерінің тарапынан қалай зерделенгені айрықша зерттеуді қажет етеді. М. Шоқай бастаған түркістандық эмиграция өкілдері КСРО-дан тысқары Иран мен Ауғанстанға босқан шаруалар жағдайын, ашаршылықтың ауқымын зерттеп қана қоймай, әлемдік қауымдастыққа жария ету арқылы босқындарды қабылдаушы елдер және басқа да елдер биліктерін мәжбүрлі қоныс аударушылардың жағдайын жеңілдететін шешімдер қабылдауға үндеді.

Ұсынылып отырған мақалада Европадағы түркі-мұсылмандық эмиграция көшбасшыларының бірі М. Шоқайдың  Орта Азия республикалары арқылы шетелге кеткен қазақ босқындары туралы ой-түйіндері кеңестік партиялық басқару органдарының позициясын көрсететін құжаттармен салыстыра талданған. Мақалада, сондай-ақ, жаппай қуғын-сүргін көрген түркістандық босқындарды, соның ішінде қазақтардың ашаршылық, тонаушылық алым-салықтар және діни сенімдерге қысым жағдайындағы аман қалу стратегиясы эмиграциядағы тұлғалар эпистолярлық мұрасы, партиялық, мемлекеттік органдар құжаттар және босқындар мен олардың ұрпақтары естеліктері негізінде себеп-салдарлық және құрылымдық-функционалдық тұрғыда талданады.

*Материалдар және зерттеу тәсілдері*

Шаруалардың ауыл шаруашылығын кеңестік тәсілмен жаңарту зардаптарына қарсыласуын алғашқылардың бірі болып жан-жақты зерттеген  Қ. С. Алдажұманов өз зерттеуінде Батыс Қытай, Иран және Ауғанстанға босқан қазақтар туралы сандық мағлұматтар келтірген [1. с. 83].

Кеңестік жазалаушы күштер қарудың күшімен басқан Қарақұм операциясының өңірдегі босқыншылыққа әсері Қазақстандық тарихшы Т.Қ. Алланиязовтың зерттеуіне арқау болды. Ресей архивтері материалдарын негіз еткен зерттеуде Үстірттегі халық көтерілістері жаншылған соң Түркіменстанға, одан ары Ауғанстанға, Иранға босқан қазақ босқындары тағдыры ішінара сөз болған [2. с.24].

М. Шоқай еңбектерінің тиісті ғылыми анықтамалықпен жарыққа шығару жұмысына басшылық жасаған көрнекті тарихшы К. Есмағамбетов түркістандық саяси эмиграция көшбасшысының шығармашылық мұрасы туралы толыққанды сипаттама берген. Ғалым М. Шоқайдың Европадағы ұлт азаттығы жолындағы жанкешті қызметінің лайықты бағаланбауының басты себебі «ұлттық мінезқұлқынан, әдет-ғұрпынан, тілі мен мәдениетінен, болмыс-бітімінен айыруға бағытталған Кеңес өкіметінің қитұрқы идеологиялық саясатының салдарына байланысты екендігі»  ашық көрсеткен [3. 7-б]. Дүниежүзіндегі қазақ халқы өкілдерінің шашырауының тарихи жағдайын сипаттаған Г. М. Меңдіқұлова қазақ диаспорологиясы тарихы туралы арнайы зерттеуінде М. Шоқайдың кеңестік Түркістандағы халықтың ахуалына  әлемдік қауымдастықтың назарын аударуға еңбектенгенін көрсеткен [4. с. 128]. Татарстан тарихшысы  С. Исхаковтың деректеріне сүйенген автор М. Шоқайдың поляк барлауының 1929 жылдан КСРО-ға қарсы барлау жұмыстарын жүргізе бастаған  № 2 экспозитурасы мен Польша бас штабы 2-бөлімі қолдауына ие болғанын атап көрсеткен [4, с. 129]. Европалық қоғамдық пікірде Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыстың терең білгірі ретінде

танылған М. Шоқайдың эмиграциядағы қызметін талдауға тарихшы Б. И. Сыздықованың зерттеуінде талпыныс жасады. Қазақ саяси эмиграциясының көшбасшысы М. Шоқайдың қызметін талдаған бұл зерттеуде автор тарихи тұлғаның Европадағы зерттеушілік қызметі Түркістанда орнаған большевиктік жүйенің бет-бейнесін батыс қоғамдастығына ашып көрсету болғанын атап өтеді [4]. Г. М. Меңдіқұлова, Б. И. Сыздықованың зерттеулерінде қазақ босқындары тақырыбының М. Шоқай еңбектеріндегі орны жеке талданған жоқ.

Соңғы жылдары жарық көрген зерттеулердің ішінде XX ғасырдың 30-жылдарындағы аштық салдарынан Орта Азия республикалары мен Ресейге қоныс аударған босқындар тарихын қарастырған А. И. Құдайбергенова бастаған авторлар ұжымының зерттеуі тақырыпқа қатысты біршама алға ілгерілеушілік болғанын айта кету керек. Қазақ босқындарының жағалай көрші елдерге бару, орналасу, оларды кері қайтару мәселелері қамтылған зерттеуде аштық пен кеңестік аграрлық модернизация құрбандарының Ауғанстан мен Иранға өтуі арнайы қаралмаған [6, 228-229-б]. Орта Азия республикаларындағы саяси репрессиялардың ондағы қазақ халқы өкілдерін шарпуы тұрғысынан жарық көрген З. Е. Қабылдинов бастаған авторлар тобының зерттеуінде қазақ босқындарына қарсы қуғын-сүргін көріністері қарастырылған. Зерттеу аясының кең болуы бұл еңбекте босқындарға қатысты саясат жалпы аумақтағы саяси репрессиялар аспектісінде ғана зерделенгенін айтып өту керек [7].

XX ғасырдағы Шығыс Түркістан мен Ауғанстан аралығындағы тарихи оқиғаларды қамтуға тырысқан Тәжікстандық тарихшы Комолудин Абдуллаевтың көлемді зерттеуінде Орта Азиядағы қазақ босқындары басқа да халықтар босқындары қатарында қарастырылған. Автордың босқындар ұғымын «муждахид» және «мужайыр» ұғымдарымен астастыра пайдалануы байқалады. Дегенмен, К. Абдуллаев босқындардың тарихи жағдайын түпнұсқа дерек көздермен талдамай, зерттеу еңбектерге сүйеніп қарастырған [8]. Түркімен тарихшысы Д. С. Аннаоразовтың еңбегінде бір параграф босқыншылық тақырыбына арналған [9].

«Ауа көшушілер – аштықтан қашқан қазақ босқындары – дағдарысты жылдардың басты көрінісі болды» - деп сипаттайды неміс тарихшысы Р. Киндлер [10, с. 213 ]. Р. Киндлер зерттеуінің босқыншылыққа арналған тарауында Түркіменстанға өтуші қазақ босқындары қалың нөпірін онда «Кеңес өкіметі мүлде болмаған» аудандардың болғанымен байланыстырады [10, с. 216 ]. Р. Киндлер зерттеуінде Орта Азия республикасы аумағындағы босқындар ахуалын қарастырылғанымен, түркімен-ауған, тәжік-ауған шекарасындағы қоныс аударушылар жағдайы назардан тыс қалған.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы колхозға қарсы қозғалыс пен қоныс аударуды Орта Азия халықтарының көшпелі өмірімен байланыстыра зерттеген орыс тарихшысы Ф. Л. Синицин, негізінен кеңестік орталық архивтердің материалдарын пайдаланған. Тарихшының еңбегінде Ауғанстанға босқан «көшпелі халықтардың» босқыншылығының статистикасына назар аударған [11]. Қазақ тілінде аударылып басылған американдық тарихшы Сара Камеронның зерттеуінде шекаралық аудандарындағы босқыншылық, аштық деректері берілген [12].

Қазақ босқындарының жат жердегі тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін қоныс аударушылар мен олардың ұрпақтарының естеліктері негізінде дайындалған А. Нұралиевтің еңбегі зұлмат жылдар тарихының жеке адамдардың өміріне әсерін шынайы суреттеуімен құнды [13]. Кеңестік қуғын-сүргін мен ашаршылықтан Ауғанстанға ауып барған қазақтардың тағдыры ұрпақтарының естеліктерімен сипатталған тарихшы Ж. Жеңісұлының соңғы зерттеуі тақырып аясын біршама кеңейтті [14]. Орта Азия елдеріндегі ауыл шаруашылықты кеңестік қайта құру кезіндегі құжаттар қамтылған жинақта қазақ босқындарына қатысты деректер де қамтылған [15, 16]. Батыс Қазақстан өңіріндегі жаппай ұжымдастыру мен шаруашылық науқандарына наразы болып, бас көтерген қазақ шаруаларының алыс шетелдерге шекара асуы туралы деректер осы өңірлердегі халық көтерілістеріне арналған құжаттар жинақтарына енген [17, 18]. Қазақстандағы сталиндік саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша мемлекеттік комиссия материалдары жинақтарының ішінде мәжбүрлі босқындар тақырыбындағы құжаттар қамтылған [19, 20]. Соңғы жылдары Қырғызстан архивтеріндегі бұған дейін жарияланбаған ашаршылықтан қашқан қазақ босқындарының қасіретті тағдырын көрсететін құжаттар жинағы жарық көрді [21]. Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасының Франция, Польша, Ресей архивтерінде сақталған бөлігі арнайы бағалы жинақ түрінде жарық көрді [22].

Ұсынылып отырған мақаланы дайындау барысында түркістандық саяси эмиграция өкілдерінің қызметі туралы мол құжаттар қоры Ресей мемлекеттік әскери архивінде (РМӘА, Москва қ.) шоғырланған. Мақаланы жазу барысында РМӘА-нің 461к-қоры – Польша бас штабы 2- бөлімшесінің экспозитурасында сақталған М. Шоқайға қатысты құжаттар пайдаланылды. Түркия Республикасының мемлекеттік архиві (TCDA, Стамбул қ.) 571-қоры Түркістандық босқындарына қатысты түрік дипломатиялық арналарының құжаттары пайдаланылды. Тәжікстан Республикасының қазіргі заман мемлекеттік архиві (ТРҚЗТМА, Душанбе қ.) 3-қоры – ТКП (б) ерекше секторынан алынған қазақ босқындарының жағдайы туралы құнды құжаттар пайдаланылды. Қырғыз Республикасының қоғамдық-саяси құжаттар орталық мемлекеттік архивінен (ҚРҚСҚОМА, Бішкек қ.) 10 - БКП(б) Қырғыз облыстық комитеті қоры деректері де қамтылды. Қазақ босқындарының тарихына қатысты бағалы құжаттар Қазақстан Республикасы Президенті архиві (ҚР ПА, Алматы қаласы) 141- ВКП(б) Қазақ өлкелік комитеті қорынан алынып, пайдаланылды.

Ғылыми мақалаға арқау болған тақырыпты зерттеу жүйелік тәсілге негізделген: зерттеу объектісі күрделі ұйымдастырылған жүйенің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Біздің зерттеуімізге мейлінше лайық әрі тиімді теориялық құрылым қызметін И.И. Мойсеев ұсынған дамушы жүйені бифуркациялық және адаптациялық екі механизмнің әрекеті тұрғысынан талдау тәсілі атқара алады [23, с. 31-32]. Бифуркациялық механизм ретінде қазақтардың іргелес шетелдерге босқыншылығын алсақ, кеңес өкіметінің қазақтарды кері қайтару бойынша бағдарламасы адаптациялық механизмнің рөлін атқара алады. Босқындардың қасіретті жағдайдағы мінез-құлқы, өмір сүру ғұрпын саралау үшін пәнаралық методологиялық негізде аштықтан, қуғын-сүргіннен, азамат соғысынан қашқандардың «аман қалу стратегиясы» ашып көрсетілді. «Аман қалу

старатегиясы» ұғымын биология ғылымына қатысты Э. Пианки пайдаланған [24]. Тарих ғылымында ұғым ретінде анықтамасы айқындалмаған бұл түсінік ауыр азапты босқыншылық тағдыр иелерінің қауіп-қатерге толы туған жерінен алыстау және қайта оралу кезеңіндегі аман қалу жолындағы мақсат-мұратын саралау тұрғысынан қолданылды.

*Зерттеу нәтижелері*

Европадағы Түркістандық эмиграция өкілдерін Қазақстаннан кетіп жатқан босқындар тағдыры толғандырмай қоймады. «Жас Түркістан» газетінің 1932 жылғы № 29 санында жарық көрген Мұстафа Шоқайдың «Түркістан босқындарының қасіреті» атты мақаласында босқыншылықтың себеп-салдары жан-жақты талданған. М. Шоқай «мәскеулік большевиктер» мал-мүлкін тонап алған Түркістан жұртының алдында босқыншылықтан басқа жол жоқ екенін көрсетеді. «Дінге сенушілерден Алладан бас тарту талап етілді, Ленин пайғамбар ретінде жарияланды... Құран Маркстің «Капиталымен» алмастырылды.» - деп ашына жазады Мұстафа Шоқай. Автор қарусыз халыққа бір мемлекеттің қарулы күшіне тойтарыс беру қиындық туғызғандықтан, шекараға таяу тұратындары мал-мүлкінен қалған жұрнақты алып шекарадан қашып өтуге тырысып жатқанын суреттейді. Ол: «Түркістандықтарға көрші мұсылман елдердерде өмір сүру оңай сияқты көрінеді. Діни сезімдері қорланған халық өздерінің діндес бауырлас халықтардан пана табуды үміт етеді. Ұлттық сезімдері қорланған халық өздерінің қандас бауырларынан қолдау болмаса да, түсіністік пен аяушылық тапқысы келеді. » - деп жазады [25, 168-б]. Қайраткер азаптан құтылу мақсатында Персия, Түркия және Ауғанстанға босқан түркістандықтардың біршамасы ол әрекеті үшін өмірлерін қиса, аман өткендер ол жақтан тиісті қонақжайлық көріп отырмағанын қынжыла баяндайды. М. Шоқай соңғы күндерде Персиядан Түркіменстаннан қашып өткен түркістандықтардың жағдайы туралы хабарлар келіп жатқанын, жеткен ақпараттарды бей-жай қабылдау мүмкін еместігін жазады. «Парсы кедендерінде соңғы дүниелерінен айрылған көптеген босқындар Англияның қарамағындағы Үндістанға өтуді үлкен бақыт санайтындай хәлге жетті...» - деп ащы мысқылмен суреттейді М. Шоқай. Ол Түркістандық босқындар жағдайы туралы жергілікті түрік және ауған консулдары өз үкіметтерін хабардар еткенімен, осы күнге дейін ешқандай жауап болмағанын көрсетеді. Европадағы Түркістан эмиграциясы өкілдері ауыр жағдайда қалған отандастары-босқындарға өздерінің де көмек көрсететін қауқары жоқтығына налиды. М. Шоқай аталған мақаласында Ирандағы түркістандық босқындардың ауыр хәлі туралы арнайы хат ол елдегі жоғары билеуші шахқа да жазылғанын, алайда мұндай хаттардан қоныс аударушылар жағдайы жеңілдей қоймағанын көрсеткен. «Біз, түркістандықар ешкімнен де ұлттық дұшпанымызға қарсы күресімізге көмек сұрап отырған жоқпыз ғой. Біз тек қана ажалдан пана сұрап қана тұрған жоқпыз ба?! Шыныменақ біздің жан даусымыз естілмей ме? «Достар бақытсыздықта танылады»...» - деп жан тебіренісін хатқа түсірген [25, 168-б]. Эмиграциядағы Түркістан қайраткері М. Шоқай жанұшыра қорғап отырған босқындар легі кеңестік билік жүргізген ет дайындау, астық дайындау, діни сенімге қысым сияқты әркилы шаруашылық-саяси науқандар салдарынан туған. Алматы округіне қарасты Шу өңірінен босқан Сардарбек есімді шаруа әулеті Қарақалпақстан асып, Түркіменстан арқылы

Амудария өзенінен өтіп, Ауғанстанды паналаған. 2017 жылы жасы 101-ге келіп, әулет тарихын журналистерге әңгімелеп берген Сардарбектің қызы Әсия әже отбасының Ауғанстанның Меймене аумағына қоныстанғанын баяндайды. Осы өңірде Ауғанстан билеушілерінің әулетінің өкілі Нәдир шахпен кездескен Сардарбек 14 жасар қызы Әсияны ауған билеушісінің ұлы Әмір Мұхамедке ұзатады. Ауғанстанға кеңестік интервенция жасалғаннан кейін Әсия әжей балаларымен 13 адам қашып шығып, Германия арқылы Америкаға жеткен. Шу өзені аңғарының тумасы Әсия Сардарбекқызының 20 немересі, 20 шөбересі АҚШ азаматтары болып өскен [26].

1931 жылы наурыз айында Маңғыстауды шарпыған Адай көтерілісінің қатысушыларының бірі, халық көтерілісіндегі Тобыш руы жасақтарын басқарған Бимұханбет Қожахметұлы әулетімен Иранға асып кетуді ойластырған. 1931 жылдың шілдесінде Маңғыстаудағы халық көтерілісі жеңіліс тауып, ел үдере көшуді бастайды. Босқындар өздерімен бірге тұтқынға түскен екі ОГПУ қызметкерін алып, теңіз жағалап жүріп отырады. Иран шекарасына жақындаған көш кепілдікке алып жүрген кеңестік қызметкерлерді босатып, кері қайтарады. Қожахмет әулетімен туыстас 30 түтін Түркіменстанның Ташауыз уалаятын паналап, тұрақтап қалған. Қожахмет әулетінің босқыншылық тарихын тарихшы Ө. И. Исеновке осы әулеттің ұрпағы Арман Нұрғазытегі әңгімелеп берген екен [6, 231-233-б].

Қазақ босқындарының Түркіменстанға өтуі 1931 жылдың наурыз-қыркүйек айларын қамтыған Қарақұм көтерілісі кезінде үдеп кетті. 1931 жылдың наурыз айынан Маңғыстау өңірінің адай тайпасы топтары қазақ-түркімен шекарасынан өтіп, кеңестік қарулы армиясымен қақтығысты бастаған түрікмен рулық қарулы топтарына қосылды. Зерттеуші Т. Алланиязов 1931 жылдың наурыз айының ортасында Түркіменстанға жылжыған қазақ босқындары Қарабұғаз түбегінің құдықтары көп жолын таңдап, бір тобы оңтүстікке Красноводск және Қазандық аудандары бағытында, екіншісі шығысқа Қоңырат және Көне Үргеніш бағытында жылжығанын көрсетеді. Қазандық ауданы құмына бірінші болып өтіп барған 600 шаруашылықтан құралған қазақ босқындар топтарын Омар Машықұлы және Күмісбай атты адамдар бастаған. ОГПУ мәліметтерінде Түркіменстанға өткен қазақ шаруаларының үлкен тобы Қызылорда мен Ақтөбеге дейінгі 22 әртүрлі ауылкеңестерінен жиналып, бірлескен көшті Досан ахун бастаған [2, с. 24].

Батыс Түркіменстанға келіп жатқан қазақ шаруалары мен олардың кеңестік өкімет орындарына қарсы әскери қарсылыққа дайын тұруы өңірдегі жағдайды одан әрі шиеленістірді. ОГПУ органдары Түркіменстандағы жағдайды тұрақтандыру мақсатында бірқатар әрекеттерге барды. 1931 жылдың наурыз айының соңында Ашхабадтан Қазандық қаласына ОГПУ-дің 85 әскери дивизионы әкелінді. Қазандыққа ОГПУ әскерінің бір бөлігі қалдырылып, басқа бөлігі жедел қызметкерлермен бірге қазақ босқындары орныққан Қазандықтан солтүстік-шығысқа қарай 150 шақырым жердегі Қаймат құдығына жіберілді. Қайматқа келе сала ОГПУ әскері 50 қазақ шаруаларын бай ретінде тұтқындап, қоныс аударушыларды Қазақстанға қайтару бағытындағы үгіт-насихатты бастады. 1931 жылдың 19 сәуірінде Қаймат құдығында қазақ және иомуд біріккен күштері ОГПУ-дің 85 әскери дивизионының Цейтлин басқарған 52 қызыләскерден тұрған

отрядына тұтқиылдан шабуыл бастап, қызылдар отрядын талқандады. Қарақұмдағы кеңестік билікке қарулы көтерілістің бұрқ ете қалуына 1931 жылдың басынан Қазақстанның бірқатар аудандарынан Түркіменстанға барған қазақ шаруалары әсер етті [2, с. 25-26]. Түрікмен қарулы топтарымен одақтаса отырып, кеңестік билікке қарсы шыққан қазақ босқындардың арасында Гурьев болыс басқарушысы Бекеш Дарментаев өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен. ОГПУ ақпарларында Бекеш Дарментаев Шағыл құмында 200 асыл тұқымды жылқысы болғаны, өзі 1000-ға жуық қазақ шаруашылықтарының басшылық еткені баяндалады [6, 26-б.]. Түркімен тарихшысы Д. С. Аннаоразовтың мәліметтеріне сәйкес, қазақ-түрікмен шаруаларының бірлескен күштеріне қарсы Қызыл армия бөлімдері Қарақұмда жүргізген операция салдарынан көтерілісшілердің 74 жетекшісі, 3217 белсенді жігіттер қаза болды. 10064 «басмашылар жанұясы» сүзгіден өткізіліп, 367 «басмашыларға жәрдемдесушілер», 298 «антисоветтік элемент», 247 «қасақана қару ұстаушылар» анықталып, ұсталды. Көтерілісшілерден алынған қару саны 13546-ді құраған [9, с. 452]. Көрсетілген Д.С. Анноразовтың Түркіменстан архивтерінен алған мәліметтері бойынша тек 1930 жылдың 1 қаңтар – 1 мамыры аралығында ғана жалпы саны 1091 шаруашылық шекара асса, олардың 326-сы Иранға, 705-шаруашылық Ауғанстанға өткен. 326 адам шекарадан өтер сәтте қолға түскен [9, с. 517]. Қарақұм көтерілісі қанмен жаншылғаннан кейін аман қалу мақсатында мыңдаған шаруалар Иран мен Ауғанстан тарапына босуы үдеп кетті. 1930 жылы Түркіменстанның 25 ауданынан 2167 шаруашылық шекарадан өтсе, 1931 жылы босқын болған шаруашылықтар саны 3603-ті құраған [9, с. 520].

1931 жылдың 15 наурызында Түркіменстан орталық атқару комитеті президиумы босып келген қазақ шаруашылықтарынан салық, мал, жүн және басқа шикізаттар дайындау мәселесін қарады. Түркіменстан орталық атқарукомы қабылдаған 9 тармақтан тұратын қаулыға сай, салық пен дайындау науқандарын Қазақ республикасы өкілдері ТССР өкімет орындарының көмегімен жүргізетін болды [27, п. 151]. Түркіменстанға сол арқылы Иранға қоныс аударуды ойлаған Маңғыстау, Жылықосын және Табын аудандарынан кеткен босқындардың соңынан Қазақстаннан арнайы уәкілдер тобы жіберілген. ВКП (б) Табын аудандық партия комитетінің уәкілі Ахметқали Сиятов бастаған 4 адамнан тұратын топ Жебал, Бахбегелке, Келте-Караджик, Қожсау және Қазангик аудандарында ет дайындау науқанын жүргізіп, босқындарды тізімдеп, оларды Қазақстанға қайтаруға үгіттеген. Табын аупарткомының уәкілі Ахметқали Сиятовтың Қазөлкекомға жолдаған баянхаттарында Иранға өтіп кету үшін шекара пункттеріне жақын қоныстанып отырған қазақ босқындар ауылдары туралы мәліметтер береді. А. Сиятовтың көрсетуінше, бір ғана Қожасу ауданындағы Жебел, Қызыл-Атрек бағытында парсы шекарасы бағытындағы Аунамас және Тогор құдықтары маңайында 2500 шаруашылық қазақ босқындары қоныстанған [18, 109-б]. Күн құрғатпай Қазөлкекомға жолданып отырған баянхаттарында уәкілдердің мал дайындау науқаны аясында босқындардан малдарын тәркілегені баяндалады. 1931 жылдың 10 сәуірдегі баянхатта А. Сиятов Иранға бет алған А. Исенов есімді жеке шаруа байдың 130 қой, 15 ешкі және 15 түйесін тәркілеп алғанын көрсетеді [18, 110-б]. Қазақстан аумағынан Түркіменстанға босқан қоныс

аударушылардың саны туралы мағлұмат 1931 жылдың 30 қарашасында ПП ОГПУ-дің ВКП (б) Қазөлкеком жауапты хатшысы Ф.И. Голощекинге хатында көрсетілген. «Түркіменстанның Көне Үргеніш аймағына барған адай ауа көшушілерінен қазіргі таңда 4380 бас түйе, 726 бас жылқы, 4243 бас қой-ешкісімен 1278 шаруашылық бар. Қыркүйек айының соңында көрсетілген шаруашылықтардан 2 ауылкеңес №13 және 14 ұйымдастырылған.» - делінген ОГПУ ақпарында [28, 9-п]. Түркіменстандағы жағдайы үнемі тұрақсыз күйде сақталған аудан ретінде Ташауыз ауданы болса, Шаржоу мен Керкі аудандарында шаруашылық жағынан қысым боп қалғанда Ауғанстанға қашу жиі орын алды.

1931 жылы 30 тамызда Иранға қоныс аударған түркістандық босқындардың жағдайы туралы Түркия сыртқы істер министрлігіне жолданған анықтама құжат «Иранға қоныс аударған Түркістан босқындары туралы» деп аталады. Түркия сыртқы істер министрлігі өкілі: «Түркістанда большевиктердің басып алуынан аман қалған түріктердің біразы консулдыққа жүгінді. Соңғы күндері келген көтерілісшілердің мәлімдемесіне қарағанда, Орталық Азияның барлық жерінде дерлік жергілікті көтеріліс бар. Большевиктер әскери күштер жіберді. ГПУ-дің зұлымдығын жасыру үшін Түркістан шекарасы басқаның барлығына жабық. Иран мен Ауғанстанның шекарасы босқындарға толы. Ресейліктермен жасалған келісімнен кейін Иран үкіметі бұл босқындарды шекарадан алыс жерлерге депортациялауда. Негізінен аштық пен бақытсыздыққа ұшыраған бұл кедейлер осылайша екінші қайғыға түседі. Түбі түрік болған губернатор У. бұл қасіреттерге жат болмаса да, оның міндетінен басқа ешнәрсе істей алмайды.» - деп баяндайды [29, s.6].

Иранға өткен қазақ босқындарының аянышты хәліне 1932 жылдың 20 тамызында поляк үкіметінің өкілі Конрадқа арналған хатында М. Шоқай да тоқталған. Өзінің Персияның Мешед аймағынан хат алғанын, онда босқындар легінің тоқталмай тұрғанынан бөлек парсы үкіметі кеңес үкіметінің өтінішімен кеңестік босқындарды Иран-кеңес шекарасынан 30 верст қашықтыққа қоныс аудартқаны хабарланған. «Дәл осындай шаралар ауған үкіметі тарапынан да жасалып жатыр. Осылайша, большевиктік қуғындаудан қашқан ондаған мың біздің отандастарымыз тағы да қапырық ыстық жаздың ортасында, орныққан мекендерін тастап, шекарадан, өзінің отанынан қашық жерлерден пана іздеуге мәжбүр болып тұр» - деп көрсетеді М. Шоқай. Ираннан М. Шоқайға толассыз келіп жатқан хаттарда осы жылдың шілде айында большевиктер Тәжікстанмен шекарадан бастап, Персия мен Түркіменстан шекарасындағы соңғы пункт Серахсаға дейін ауған-түркістан шекарасының тұтас бойына біршама әскери күштерді орналастырғаны айтылған. М. Шоқай хаттарда басмашылардың кеңес территориясына шабуылы қайта тұтанғаны айтылғанын көрсеткен. Ауғанстан аумағынан, басмашы әскери топтарының, әсіресе, Тәжікстанға шабуылдары орын алған. Бұған қоса М. Шоқайдың Конрадқа жолдаған хатында жақында Берлинге Ташкенттен келген кеңестік университет профессоры Энглянд Өзбекстан халық комиссарлар кеңесі төрағасы, Өзбекстан РКП(б) Орталық комитеті жауапты хатшысы және Өзбек үкіметінің Москвадағы уәкілінің атынан Германияда қалып қойған өзбек студенттерін елге қайтуға шақырғаны да баяндалады [30, с. 27-28].

Кәсіпқой саяси сарапшы ретінде М. Шоқай Орта Азия аумағындағы ірі державалардың арасындағы геосаяси текетіресті жақсы саралағанын байқауға болады. Зерттеушілер 30-жылдардың екінші жартысында Түркіменстан мен ол арқылы Иранға қоныстанған босқындар арасында жапон барлауының белсенді қызметін айрықша атап көрсетеді. Жапон билеуші топтарының Токионы орталық еткен азиаттық орталық құру мүддесі 1930 жылдарда басталған. Жапонияның Азиялық жоспары Орта Азия, Ауғанстан, Британ Үндістаны және Қытайды қамтыды [7, с. 263]. Жапония дипломатиясының Түркіменстанда ерекше екпінді жұмыс істеуіне кеңес-ауған шекара желісінің ең көлемді бөлігі осы елдің аумағында болғандығымен түсіндіріледі [31, с.16].

Ауғанстанға өтуге дәліз ретінде пайдаланғысы келген Тәжікстанға ағылған қазақ босқындар осы елде қалып қойған жағдайлар жиі кездескен. Қызылорда облысының Жаңақорған ауданынан Қорғантөбе уалаятының Яван ауданына келіп орныққан ішінде қазақтан шыққан атақты күйші Әлшекей Бектібайұлы бар қоңырат руының босқындар тобы кіре тартатын түйешілер қосынына қосылған. Көрсетілген мерзімде түйешілер шаруашылығы меншігінде 1000-ға жуық түйе болған. «Тәжіктранс» мекемесіне біріккен түйешілер шаруашылықты кеңестік үлгіде модернизациялау науқандарына бел шеше кірісіп, босқындар арасынан Орал, Ырза,Хайдар, Ұста Ахмет, Бахар, Ұста Рауф, Тубек, Артық есімді ерекше ата-абыройға ие болған керуеншілер шыққан [13, 62-64-б]. Қазақ босқындары Ауғанстанға келгендерінде жергілікті тұрғындардың тарапынан жатсыну көріністері болмай қалмаған. Жаңа қоныста қазақ босқындарының жергілікті халықпен қоян-қолтық араласып кетуіне олардың діндәрлығы әсер еткен жағдайлар да орын алған. Қармақшы-Қазалы өңірінен Ауғанстанға өткен қожа әулетінен тараған босқындардың 30 түтіннен тұратын тобы Шұбырған провинциясына тұрақтаған екен. Босқындар әулетінің ұрпағы Саттар қажы Қалмаамедұлының көрсетуінше, қыстақ маңына келіп қоныстанғандарға жергілікті тұрғындар алғаш алакөздікпен қараған. Ауа көшушілер келіп орныққа ауған қыстағының имамы бір күні қоныс аударушыларға арнайы келіп, босқындармен діни тақырыпта сұхбат құрған екен. Босқындар көшінің басында тұрған дін ғұламаларының Құран мен шариғатқа тереңдігіне тәнті болған ауғандық имам, қоныс аударушыларды жергілікті өкімет орындарына ертіп апарып, оларға кепіл болған. Діндәр босқындар сол қыстаққа орналасып, бұдан арғы тіршіліктері дұрысталыпты [32, 208-б.].

Тәжікстанға қоныс аударған қазақтар Вахш суландыру жобасының құрылысына тартылған болатын. 1932 жылы 2 қарашада Н.Э. Бауманның төрағалығымен өткен БК(б)П Орталық Комитетінің Орта Азия бюросы атқару комиссиясының отырысының қаулысына сәйкес, Тәжікстан Компартиясы Орталық Комитеті 1933 жылдың 1 наурызынан «қоныс аударушылардың бір бөлігін» қамтыған 2500-ге жуық адамды Вахш суландыру жобасы құрылысынан босатуға міндеттенді [33, 125-л]. Алайда, босқын қазақтарды Вахшқұрылыс мекемесінен жұмыстан босату 1934 жылда да мүмкін болмады. Вахшқұрылыс мекемесіне жұмысқа тартылған «Түркістан» түйешілер артелінің мүшелері Тайчиев, Мирзасалиев, Суанов, Есов және басқалары құрылыс бастығы Толстопятов пен Вахшсқұрылыстағы ГПУ-дың уәкілетті өкіліне жазған арызында

